

Қызылорда облысы Қазалы ауданы Әйтеке би кентінің шекарасын (шегін) белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 1 қарашадағы N 152 шешімі және Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 1 қарашадағы N 282 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 5 желтоқсанда N 4547 тіркелді. Күші жойылды - Бірлескен Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 152 қаулысымен және Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 27 шілдедегі № 120 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Бірлескен Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 27.07.2017 № 152 қаулысымен және Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 27.07.2017 № 120 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Жер кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексіне және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Қазалы ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қазалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылорда облысы Қазалы ауданы Әйтеке би кентінің шекарасының (шегі) жалпы алаңы 3226,0 гектар болып белгіленсін.

2. "Әйтеке би кентінің шекарасын (шегін) белгілеу және өзгерту туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2009 жылғы 29 сәуірдегі N 135 шешімі және Қазалы ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 28 сәуірдегі N 66 қаулысының (нормативтік құқықтық актілер Тізілімінде N 10-4-99 тіркелген, аудандық "Тұран Қазалы" 2009 жылғы 10 маусымдағы N 46 газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазалы ауданының әкімінің

міндетін атқарушы

С. Мақашев

Қазалы аудандық мәслихатының

XXII сессиясының төрағасы

С. Утегенов

Қазалы аудандық

мәслихатының хатшысы

Т. Бөрікұлақов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК